

Атаулы әлеуметтік көмек көрсетудің уақытша тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 22 шілде N 1036. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.12.24 N 1695 қаулысымен. ~ P011695

"1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және қолданылып жүрген әлеуметтік жәрдемақыларды төлеудің тәртібін реттейтін заңдарға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Атаулы әлеуметтік көмек көрсетудің уақытша тәртібі бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне 1999 жылдың 1 сәуірінен балалы отбасыларына бала туғанда және жұмыс істеген азаматтарды жерлеуге жәрдемақы түріндегі әлеуметтік көмектің, аз қамтылған отбасыларына тұрғын үйді ұстау мен коммуналдық қызмет көрсетулердің ақысын төлеуге арналған тұрғын үй көмегінің, жұмыссыздарға және жұмыссыздарды жерлеуге материалдық көмектің мөлшерін айқындау және оларды тағайындау мен төлеуді жүзеге асыру құқығы берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы "22 шілдедегі
N 1036 қаулысымен

бекітілген

Атаулы әлеуметтік көмек көрсетудің уақытша тәртібі

Осы Уақытша тәртіп "1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес атаулы әлеуметтік көмек көрсетудің уақытша тәртібін белгілейді.

1. Атаулы әлеуметтік көмекті аудандық (аудандарға бөлінбеген қалалық) еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау бөлімдері (басқармалары) қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілерге сәйкес:

егер отбасының жан басына шаққандағы айлық жиынтық табысы республикалық бюджет туралы Заңда тиісті жылға зейнетақы, жәрдемақы және

басқа да төлемдерді есептеуге арналған есептік көрсеткіштің екі есе мөлшерінен аспаған жағдайда - отбасыларына, балалы отбасыларына - жәрдемақы, бала туғанда - әлеуметтік көмек және жұмыссыздарға материалдық көмек;

заңдарда белгіленген шамаларға сәйкес тұрғын үйді ұстау мен коммуналдық қызмет көрсетулер ақысы үшін жәрдемақы түріндегі тұрғын үй көмегі;

жұмыс істеген азаматтарды жерлеуге - әлеуметтік көмек, отбасының табысына қарамастан жұмыссыздарды жерлеуге материалдық көмек түрінде көрсетеді.

2. Материалдық көмек белгіленген тәртіппен жұмыссыз мәртебесін алған азаматтарға көрсетіледі. Жұмыссызды кәсіби оқуға немесе қоғамдық жұмысқа жіберген жағдайда, қаржылық көмек көрсету жұмыссызды есептен шығармастан оқу немесе жұмыс басталған күннен бастап тоқтатылады. Материалдық көмек көрсетудің жалпы мерзімі он екі айлық кезеңнің ішінде алты айдан аспауы тиіс.

3. Бала туғанда және жұмыс істеген азаматты жерлеуге әлеуметтік көмек отбасыларына тиісті жағдаяттар пайда болған жағдайда көрсетіледі.

4. Балалы отбасыларына, бала туғанда және жұмыс істеген азаматтарды жерлеуге арнаулы әлеуметтік көмектің, жұмыссыздарға және жұмыссыздарды жерлеуге материалдық көмектің мөлшерлері осы мақсаттар үшін жергілікті бюджеттерден бөлінген қаражаттың шегінде белгіленеді. Бұл ретте жұмыссыздарға және жұмыссыздарды жерлеуге материалдық көмектің мөлшері республикалық бюджет туралы Заңда тиісті жылға арналған зейнетақыларды, жәрдемақыларды және өзге де төлемдерді есептеу үшін белгіленген бір айлық есептік көрсеткіштен кем болмауы тиіс.

5. Тұрғын үй жәрдемақысы түріндегі тұрғын үй жәрдемінің мөлшері қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілерге сәйкес айқындалады.

6. Атаулы әлеуметтік көмекті төлеу тиісті заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.